

## **Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесін құру туралы Нахчыван келісін ратификациялау туралы**

Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 27 қыркүйектегі № 341-IV Заңы.

2009 жылғы 3 қазанда Нахчыванда жасалған Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесін құру туралы Нахчыван келісімі ратификациялансын.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

*Н. Назарбаев*

## **Түркі мемлекеттері ұйымын құру туралы Нахчыван келісімі**

**Ескерту. Келісімнің тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР 23.05.2025 № 191-VIII Заңымен.**

Ескерту. Келісімнің бүкіл мәтіні бойынша "ТМЫК" деген аббревиатура "ТМҰ" деген аббревиатурамен ауыстырылды – ҚР 23.05.2025 № 191-VIII Заңымен.

Ескерту. Келісімнің бүкіл мәтіні бойынша тиісті септіктердегі "түркітілдес мемлекеттер" деген сөздер "түркі мемлекеттері" деген сөздермен ауыстырылды – ҚР 23.05.2025 № 191-VIII Заңымен.

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын түркі мемлекеттері,  
қалыптасқан тарихи байланыстарды, өз халықтары тілінің, мәдениеті мен дәстүрлерінің ортақтығын негізге ала отырып,  
жан-жақты ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуге ұмтыла отырып,  
саяси көп полярлық, экономикалық және ақпараттық жаһандану процестерінің дамуы жағдайында өңірдегі және тұтас әлемдегі бейбітшілікті нығайтуға, қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге бірлескен күш-жігермен үлес қосуға тілек білдіре отырып,  
ортақ құрылым шеңберіндегі өзара іс-қимыл мемлекеттер мен олардың халықтары арасындағы тату көршіліктің, бірлік пен ынтымақтастықтың мол әлеуетін ашуға жәрдемдеседі деп санай отырып,  
түркі мемлекеттері басшыларының саммиттерінде нығайған өзара сенім, өзара пайда, теңдік рухына, өзара консультациялар мен бірлесе дамуға деген ұмтылысқа сүйене отырып,

Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының мақсаттары мен принциптеріне, халықаралық құқықтың жалпыға бірдей принциптері мен нормаларына, оның ішінде мемлекеттердің егемен теңдігі, олардың шекараларының аумақтық тұтастығы мен халықаралық

танылған мызғымастығы, сондай-ақ халықаралық бейбітшілікті, қауіпсіздікті қолдауға және мемлекеттер арасындағы тату көршілік пен достық қатынастарды, ынтымақтастықты дамытуға қатысты принциптерге адалдығын растай отырып, төмендегілер туралы келісті:

## **1-бап. Түркі мемлекеттері ұйымы**

Тараптар "Түркі мемлекеттері ұйымы" (бұдан әрі - ТМҰ) деп аталатын халықаралық ұйымды құрады.

**Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда – ҚР 23.05.2025 № 191-VIII Заңымен.**

## **2-бап Мақсаттары мен міндеттері**

Мыналар ТМҰ-ның басты мақсаттары мен міндеттері болып табылады:

Тараптар арасындағы өзара сенім, достық пен тату көршілікті нығайту; өңірде және тұтас әлемде бейбітшілікті қолдау және қауіпсіздік пен сенімді нығайту ;

ортақ мүдде тудыратын сыртқы саяси мәселелер бойынша, оның ішінде халықаралық ұйымдар шеңберінде және халықаралық форумдарда ортақ көзқарасты іздестіру;

халықаралық терроризм мен сепаратизмге, экстремизмге, адам саудасына, есірткі бизнесіне қарсы күрестегі іс-қимылды үйлестіру, сондай-ақ есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымын бақылау жөніндегі халықаралық саясатқа жәрдем көрсету;

саяси, сауда-экономикалық, құқық қорғау, табиғатты қорғау, мәдени, ғылыми-техникалық, әскери-техникалық, білім беру, энергетикалық, көліктік, кредит-қаржы және ортақ мүдде тудыратын басқа да салаларда тиімді өңірлік және екі жақты ынтымақтастықты көтермелеу;

сауда мен инвестициялар үшін қолайлы жағдайлар жасау, тауарлардың, капиталдың , қызметтер мен технологиялардың еркін қозғалысын біртіндеп жүзеге асыру және қаржылық және банктік операцияларды оңайлату мақсатында кедендік және транзиттік рәсімдерді оңайлату;

Тараптар халықтарының өмір сүру жағдайын жақсарту және тұрмыс деңгейін бұлжытпай көтеру мақсатында тең құқықты әріптестік негізінде бірлесе іс-қимыл жасау арқылы өңірде жан-жақты және теңгерімді экономикалық өсуге, әлеуметтік және мәдени дамуға ұмтылу;

заң үстемдігін, халықаралық құқықтың жалпыға бірдей принциптері мен нормаларына сәйкес адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын тиімді басқару және оның кепілдігін қамтамасыз ету жөніндегі мәселелерді талқылау;

ғылым мен техника, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, жастар, спорт және туризм, түркі халықтарының ұлы мәдени-тарихи мұрасын көпшілікке таныту саласындағы өзара іс-қимылды кеңейту;

түркі халықтарының ұлы мәдени-тарихи мұрасын насихаттауда, көпшілікке танытуда және таратуда бұқаралық ақпарат құралдары арасындағы өзара іс-қимылды және Тараптар арасындағы байланыстарды көтермелеу;

өзара іс-қимылды, өзара құқықтық көмек көрсету мен құқықтық қатынастардың түрлі салаларындағы ынтымақтастықты дамыту мүддесінде құқықтық ақпарат алмасу мәселелерін талқылау.

### **3-бап Құрылымы**

Осы Келісімнің мақсаттары мен міндеттерін орындау үшін:

Мемлекеттер басшыларының кеңесі;

Сыртқы істер министрлерінің кеңесі;

Аға лауазымды адамдар комитеті;

Түркі мемлекеттердің Ақсақалдар кеңесі;

Хатшылық құрылады.

### **4-бап. ТМҰ-ның сабақтас және үлестес ұйымдары**

Түркі мемлекеттерінің Парламенттік ассамблеясы (ТүркПА) ТМҰ-мен сабақтас ұйым ретінде түркі мемлекеттерінің парламенттері арасындағы ынтымақтастықты тереңдету үшін 2008 жылғы 21 қарашадағы Ыстанбұл келісіміне сәйкес жұмыс істейді.

ТМҰ-ның сабақтас ұйымы ретінде ТҮРКСОЙ, сондай-ақ үлестес ұйымдары ретінде Түркі академиясы мен Түркі мәдениеті және мұрасы қоры өз мандаттары шеңберінде мәдени, ғылыми және білім ынтымақтастығы жөніндегі қызметті жүзеге асырады, түркі әлемінің ортақ құндылықтарын таратады және танымал етеді, сондай-ақ түркі мәдениеті мен мұрасын қорғайды және ілгерілетеді.

Тараптар осы Келісімінің міндеттері мен мақсаттарын іске асыру үшін басқа да ұйымдар мен мекемелер құра алады.

**Ескерту. 4-бап жаңа редакцияда – ҚР 23.05.2025 № 191-VIII Заңымен.**

### **5-бап Мемлекеттер басшыларының кеңесі**

Мемлекеттер басшыларының кеңесі (бұдан әрі - МБК) өзінің қызметін Тараптар басшыларының жүйелі кездесулері нысанында жүзеге асырады, олардың шеңберінде:

Тараптардың өзекті халықаралық проблемаларды шешу жөнінде өзара іс-қимыл жасау мәселелері қаралады;

Тараптардың ТМҰ шеңберіндегі ынтымақтастығының басым бағыттары айқындалады;

ТМҰ қызметіне шолу жүргізіледі.

МБК отырыстары жылына бір рет өткізіледі. МБК-нің кезекті отырысы өткізілетін орын, әдетте, Тараптардың ресми атауларының ағылшын әліпбиі тәртібімен айқындалады.

МБК-нің кезектен тыс және бейресми отырыстарын Тараптардың уағдаластығы бойынша шақыруға болады. МБК-нің кезектен тыс және бейресми отырыстары өткізілетін орын Тараптардың өзара уағдаластығы бойынша айқындалады.

**Ескерту. 5-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 23.05.2025 № 191-VIII Заңымен.**

#### **6-бап Сыртқы істер министрлерінің кеңесі**

Сыртқы істер министрлерінің кеңесі (бұдан әрі - СИМК) өз құзыреті шегінде:

ТМҰ-ның ағымдағы қызметі мәселелерін қарайды;

МБК отырыстарының шеңберінде талқылау үшін өзекті халықаралық проблемаларды айқындайды;

Хатшылықтың штат кестесін және қаржылық есебін бекітеді.

СИМК қажет болған жағдайда ТМҰ атынан мәлімдеме жасай алады.

СИМК отырыстары, әдетте, МБК отырыстарының алдында, МБК отырысы өткізілетін жерде өткізіледі.

СИМК-нің кезектен тыс және бейресми отырыстарын Тараптардың уағдаластығы бойынша шақыруға болады. СИМК-нің кезектен тыс және бейресми отырыстары өткізілетін орын Тараптардың өзара уағдаластығы бойынша айқындалады.

**Ескерту. 6-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 23.05.2025 № 191-VIII Заңымен.**

#### **7-бап Аға лауазымды адамдар комитеті**

Аға лауазымды адамдар комитеті (бұдан әрі - Комитет) әрбір Тараптан кемінде бір өкілден тұрады.

Комитет өз құзыреті шегінде:

Хатшылықтың қызметін үйлестіреді;

СИМК-нің бекітуі және МБК-нің қабылдауы алдында Хатшылық әзірлеген құжаттардың жобаларын қарайды және мақұлдайды.

Комитеттің отырыстары, әдетте, СИМК отырыстарының алдында өткізіледі.

**Ескерту. 7-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 23.05.2025 № 191-VIII Заңымен.**

#### **8-бап Төрағалық ету**

МБК-нің кезекті отырысын қабылдайтын Тарап МБК-нің келесі кезекті отырысына дейін ТМҰ-ның Төрағасы болып табылады.

**Ескерту. 8-бап жаңа редакцияда – ҚР 23.05.2025 № 191-VIII Заңымен.**

#### **9-бап Түркі мемлекеттердің Ақсақалдар кеңесі**

Түркі мемлекеттердің Ақсақалдар кеңесі (бұдан әрі - Ақсақалдар кеңесі) ТМҰ аясында жұмыс істейтін, тұрақты түрде әрекет ететін консультативтік-кеңесші институт болып табылады.

Қаржыландыру мәселелерін қоса алғанда, Ақсақалдар кеңесі қызметінің егжей-тегжейлі аспектілері СІМК бекітетін жеке құжат – Ақсақалдар кеңесі туралы ережемен айқындалады.

Өз қызметінде Ақсақалдар кеңесі осы Келісімді және жоғарыда көрсетілген Ережені басшылыққа алады.

**Ескерту. 9-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 23.05.2025 № 191-VIII Заңымен.**

## **10-бап Хатшылық**

ТМҰ-ның мақсаттары мен міндеттерін орындауға жәрдемдесу үшін Тараптар ТМҰ-ның тұрақты жұмыс істейтін атқарушы органы болып табылатын Хатшылықты құрады.

Хатшылық өз құзыреті шегінде:

МБК, СІМК және Комитеттің отырыстарын, сондай-ақ ТМҰ аясында басқа да кездесулерді өткізуге қажетті әкімшілік, ұйымдық, хаттамалық және техникалық шараларды қабылдайды;

құжаттардың жобаларын әзірлейді;

құжаттар мұрағатын құрады және жүргізеді;

Тараптар ұсынатын және басқа халықаралық ұйымдар мен форумдардан алынатын құжаттар мен ақпаратты жинақтау, өңдеу және тарату орталығы ретінде әрекет етеді;

ТМҰ туралы жалпы ақпаратты таратады;

МБК, СІМК және Комитет айқындайтын басқа да мәселелер мен міндеттерді орындайды;

штат кестесінің жобасын дайындайды және оны мақұлдау үшін Комитетке береді;

Комитетке өзінің қаржылық қызметі туралы есеп ұсынады.

Хатшылықты СІМК ұсынымымен МБК-де бекітілетін Бас хатшы басқарады. Бас хатшының өз азаматтығы Тарапынан басқа, әрбір Тараптан орынбасарлары болады.

Бас хатшы Тараптардың ресми атауларының ағылшын әліпбиі тәртібімен, ротация негізінде Тараптардың азаматтары қатарынан өкілеттік мерзімін ұзарту құқығынсыз үш жылға тағайындалады.

Бас хатшының орынбасарлары да МБК шешімімен Тараптардың азаматтары қатарынан келесі мерзімге ұзарту құқығынсыз үш жылға тағайындалады.

Хатшылықтың лауазымды адамдарын Тараптар өздерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес өз азаматтары қатарынан тағайындайды.

Бас хатшы, оның орынбасарлары және Хатшылықтың басқа да лауазымды адамдары қызметтік міндеттерін атқару кезінде қандай да бір Тараптан, сол сияқты

үшінші тараптардан нұсқау сұратпауға немесе алмауға тиіс. Олар өздерінің МБК алдында ғана жауапты халықаралық лауазымды адамдар ретіндегі жағдайларына әсер етуі мүмкін кез келген іс-қимылдан тартынуға тиіс.

Тараптар Бас хатшы, оның орынбасарлары және Хатшылықтың басқа да лауазымды адамдары міндеттерінің халықаралық сипатын құрметтеуге және олар қызметтік міндеттерін атқарған кезде оларға ықпал жасамауға міндеттенеді.

Хатшылықтың орналасқан жері Стамбул қаласы (Түрік Республикасы) болып табылады.

Тараптар Хатшылыққа Түрік Республикасының Үкіметімен Хатшылықтың Түрік Республикасының аумағында болуының талаптары туралы халықаралық шарт жасасу құқығын береді, оның жобасын СІМК алдын ала мақұлдауға тиіс.

ТМҰ Хатшылығы Тараптардың әрқайсысының аумағында ТМҰ-ның мақсаттары мен міндеттерін іске асыру үшін қажетті құқық қабілеттілігіне ие болады.

Хатшылық халықаралық құқық қабілеттілігіне арналған құқыққа ие болады және ТМҰ-ның мақсаттары мен міндеттерін іске асыра, оның ішінде:

- барлық Тараптардың келісімімен шарттар жасаса;
- мүліктер сатып ала және оларға иелік ете;
- соттарда талапкер немесе жауапкер ретінде әрекет ете;
- шоттар аша және ақша қаражатымен операциялар жасай алады.

## **11-бап Қаржыландыру**

Хатшылықтың Тараптар арасындағы жеке халықаралық шартқа сәйкес қалыптасатын және атқарылатын өз бюджеті болады.

Тараптар өз өкілдері мен сарапшыларының ТМҰ шеңберіндегі іс-шараларға қатысуына байланысты шығыстарды өздері көтереді.

## **12-бап Артықшылықтар мен иммунитеттер**

Тараптар делегацияларының мүшелері және Хатшылықтың лауазымды адамдары МБК, СІМК, Комитет пен Ақсақалдар кеңесі отырыстарының жұмысына қатысу кезеңінде қабылдаушы Тарап аумағында аккредиттелген дипломатиялық миссиялар персоналының халықаралық құқығы деп танылатын артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланады.

## **13-бап Тұрақты өкілдер**

Тараптар өздерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес Хатшылық жанынан өздерінің тұрақты өкілдерін тағайындайды.

## **14-бап Басқа кездесулер**

Тараптар ерекше және/немесе техникалық сипаттағы мәселелерді талқылау үшін Тараптардың тиісті министрліктері, ведомстволары және ұйымдары басшыларының кездесулерін шақыру туралы уағдаласа алады.

#### **15-бап Халықаралық ұйымдармен және форумдармен өзара қарым-қатынастар**

ТМҰ халықаралық ұйымдармен және форумдармен, оның ішінде ынтымақтастықтың жекелеген бағыттары бойынша өзара іс-қимыл мен диалог жүргізе алады.

#### **16-бап Байқаушылар және әріптестер**

ТМҰ жанындағы байқаушы және әріптес мәртебелері мемлекеттерге, халықаралық ұйымдарға және басқа да құрылымдарға берілуі мүмкін.

Мұндай мәртебелерді ұсыну тәртібі мен рәсімдері ТМҰ-ның Рәсім ережесінде белгіленеді.

**Ескерту. 16-бап жаңа редакцияда – ҚР 23.05.2025 № 191-VIII Заңымен.**

#### **17-бап Тілдер**

Тараптардың мемлекеттік тілдері мен ағылшын тілі ТМҰ-ның жұмыс тілдері болып табылады.

#### **18-бап Рәсім ережелері**

Рәсімдік мәселелер СІМК бекітетін және МБК қабылдайтын ТМҰ-ның Рәсім ережесінде айқындалады.

**Ескерту. 18-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 23.05.2025 № 191-VIII Заңымен.**

#### **19-бап Басқа шарттармен арақатынасы**

Осы Келісім Тараптар қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттар бойынша олардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

#### **20-бап Келіспеушіліктерді шешу**

Осы Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға байланысты келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды консультациялар мен келіссөздер жолымен шешеді.

#### **21-бап Өзгерістер мен толықтырулар**

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар оның ажырамас бөлігі болып табылатын және осы Келісімнің 22-бабында белгіленген тәртіппен күшіне енетін жеке хаттамалармен ресімделеді.

## 22-бап Қолданылу мерзімі, күшіне енуі және қосылу

Осы Келісім белгісіз мерзімге жасалады.

Осы Келісім депозитарий оның күшіне енуі үшін қажетті тиісті мемлекетшілік рәсімдердің орындалғаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны алғаннан кейін отызыншы күні күшіне енеді.

Осы Келісім күшіне енгеннен кейін ол түркі мемлекеттердің қосылуы үшін ашық.

Қосылған мемлекет үшін осы Келісім депозитарий қосылу туралы құжатты алған күнінен бастап отыз күн өткен соң күшіне енеді.

**Ескерту. 22-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 23.05.2025 № 191-VIII Заңымен.**

## 23-бап Депозитарий

Түрік Республикасының Сыртқы істер министрлігі осы Келісімнің депозитарийі болып табылады.

2009 жылғы 3 қазанда Нахчыван қаласында әзірбайжан, қазақ, қырғыз, түрік және ағылшын тілдерінде бір түпнұсқа данада жасалды. Барлық мәтіндердің бірдей заңды күші бар.

Осы Келісімнің түпнұсқа данасы оған қол қойған әрбір Тарапқа расталған көшірмесін жолдайтын депозитарийде сақталады.

*Әзірбайжан Республикасы үшін*

*Қазақстан Республикасы үшін*

*Қырғыз Республикасы үшін*

*Түрік Республикасы үшін*

2009 жылы 3 қазанда Нахчыван қаласында қол қойылған Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесін құру туралы Нахчыван келісімнің куәландырылған көшірмесінің куәландырылған көшірмелерінің дәлдігін куәландырамын.

*Қазақстан Республикасы*

*Сыртқы істер министрлігінің*

*Халықаралық құқық департаментінің*

*Басқарма бастығы*

*Б. Пискорский*

**ЗҚАИ-ның ескертпесі. Бұдан әрі Келісімнің мәтіні әзірбайжан, қырғыз, түрік және ағылшын тілдерінде берілген.**